

"Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 29 қыркүйектегі № 212-НҚ және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 71 бірлескен бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2026 жылғы 4 мамырдағы № 181-НҚ және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2026 жылғы 5 мамырдағы № 45 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 6 мамырда № 38677 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 29 қыркүйектегі № 212-НҚ және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 71 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21350 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

осы бірлескен бұйрықпен бекітілген Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын тексеру парағында:

реттік нөмірі 8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
	<p>Сатушы (орындаушы, дайындаушы) тұтынушымен жасалған шартқа тұтынушының құқықтарын бұзатын және (немесе) оларға қысым жасайтын талаптарды енгізбеуге тиіс, оның ішінде:</p> <p>1) тұтынушының өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген жағдайда сатушыны (орындаушыны, дайындаушыны)</p>		

жауапкершіліктен босату немесе оны негізсіз шектеу;

2) сатушы (дайындаушы, орындаушы) шарттық міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда тұтынушының құқықтарын болғызбау немесе шектеу;

3) өтеулі тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша сатушы (орындаушы, дайындаушы) қосымша таңған тұтынушылардың міндеттерін белгілеу;

4) туристік қызмет көрсетуге арналған шарттарды және қайтарылмайтын тарифтер бойынша авиабилеттер сатып алу шарттарын қоспағанда, тұтынушы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, оның мөлшерлес емес үлкен (тауар, көрсетілетін қызмет, жұмыс құнының отыз пайызынан астам) соманы төлеуі жөнінде талап белгілеу;

5) төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдау кезінде тауарларға қолма-қол ақшамен төленген жағдайдағы тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сату бағасынан асатын баға белгілеу;

6) сатушыға (орындаушыға, дайындаушыға) шартты біржақты тәртіппен өзгерту және (немесе) бұзу құқығын беру;

	<p>7) сатушыға (орындаушыға, дайындаушыға) шартты бұзған жағдайда ұсынылмаған тауар (көрсетілмеген қызмет, жұмыс) үшін төленген ақшалай соманы қайтармау құқығын беру;</p> <p>8) тұтынушыға шартты бұзу құқығын берместен, сатушыға (орындаушыға, дайындаушыға) бағаны ұлғайту мүмкіндігін беру ;</p> <p>9) сатушыға (орындаушыға, дайындаушыға) тауардың шарт талаптарына сәйкестігін анықтау құқығын беру немесе оған шартты түсіндіру құқығын беру;</p> <p>10) сатушының (орындаушының, дайындаушының) өкілдері алған міндеттемелер бойынша оның жауапкершілігін шектеу;</p> <p>11) егер сатушы (орындаушы, дайындаушы) өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, тұтынушының барлық міндеттемелерді орындау міндетін белгілеу</p>		
--	---	--	--

"

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 9 және 10-жолдармен толықтырылсын:

"

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
9	Сауда қызметін және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын дара кәсіпкерлердің немесе ұйымдардың есептен жеуіне, тұтынушыларды тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің)	3	4

	тұтыну қасиеттеріне немесе сапасына қатысты алдауына немесе жаңылыстыруына жол бермеу		
10	Сатушының (дайындаушының) бағалар заттаңбасымен ресімделген, сауда объектісінің ішкі және сыртқы витриналарына қойылған тауардың құнын теңгемен көрсету міндеттері		

"

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін оны Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде оны "Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі" ақпараттық жүйесіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі

_____ С. Жумангарин

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрінің
міндетін атқарушы

_____ А. Бижанова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі комитеті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК